

Ата – ана мен тәрбиеші міндеті.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ең алдымен ата-ананың тәрбиесі негізгі роль атқарады десек, сол тәрбиені ұштастыра білу балабақшадағы тәрбиешіге де маңызды міндет жүктейді. Балабақшадағы әр баланың отбасындағы жағдайын, ондағы тәрбие бағытын біліп, ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнатып, ынтымақтаса жұмыс жасағанда ғана бала тәрбиесі өз нәтижесін береді. Бала тәрбиесі тек ата-анаға ғана емес – баршаға ортақ. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер бала тәрбиесіндегі мына төмендегі міндеттерді білгені жөн:

Отбасы тәрбиесі міндеттері:

- Баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлар мен түрлі мүмкіндіктер жасау;
- Баланы эмоционалдық қолдауды қамтамасыз ету;
- Баланың адамдармен қарым-қатынас орнатудағы жеке талаптарын қадағалау;
- Баланың тіршілік іс-әрекеттерінде қауіпсіздік туралы алғашқы білімін қалыптастыру;
- Балаларды өзіне-өзі қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету;
- Тілдік – қатынастық дамуын қамтамасыз ету;
- Баланы отбасы мен қоғамның дәстүрлі құндылықтарына тәрбиелеу;
- Баланың бейімі мен қызығушылығын дамыту.

Балабақша тәрбиесінің міндеттері:

- Балалардың жан – жақты дамуына жағдай жасау;
- Психологиялық, педагогикалық процесті ұйымдастыру;
- Бала тәрбиесінде отандық және шетелдік ғылымдардың инновациялық тәжірибелерін пайдалану;
- Материалдық – техникалық базаны нығайту;

Ата – аналар үшін баланың балабақшаға бейімделу туралы кеңес.

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын! Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз, Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер

тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдандуды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазімен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Балабақшаға дайындық

Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, ол жаққа тағы да баруға ынтасы оянады.

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзімен жасты балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махаббаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер «екінші ата-ана» әрі орта есеппен 15-25 балаға ортақ. Кез келген ана мұны жақсы түсінеді, әйтсе де баланы өмір бойы жаныңда ұстау мүмкін емес, өйткені ол өмірдің жаңа сатыларымен танысып, жаңа дағдылар, өмірлік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн.

Ата – аналарға арналған кеңес

«Балаңызбен қалай қарым-қатынас жасау керек?»

Адам баласының өмірінде қарым-қатынас маңызды орын алады, онсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік адамның жаңа бір дүниені тануға және басқа адамдардың бағасын білуге деген ұмтылысынан туындайды.

Психологтардың айтуынша, қарым–қатынас өзге адамның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған тұлғалар арасындағы әрекеттің бір түрі болып саналады. Қарым-қатынас негізінде баланың бойында өзіне тән қасиеттері, адамгершілік көзқарастары, дүниетанымы қалыптасады. Ата-ана үшін бала қаншалықты қымбат болса, бала үшін де ата-ана махаббаты мен қамқоры өте маңызды. Қарым-қатынас негізінде бала мен ата-ана арасында байланыс орнайды, ең алдымен ол үстірт басталып, біртіндеп тереңдей береді.

Бұл отбасында орын алған сыйласымдылық пен мейірімділік, түсіністік пен еркіндіктің нәтижесінде қалыптасады. Қарым-қатынастың ендігі бір маңызды қызметі – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас реттілігі. Бұл жанұядағы байланысты реттейді, ата-ана тарапынан балаға бақылау мен талаптарды орната отырып, баланың өзіндік мінез-құлқын, тәртібін, іс-әрекеттерін, сезімдерін реттеуге, басқаруға мүмкіндік береді. Реттегіш құралы ретінде талап, бақылау мадақтау мен жазалау қағидалары мен отбасы дәстүрі қолданылады. Бала өмірінде белгілі бір кезеңде қарым-қатынасқа байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Бірақ мұны жүрекке алу, тым жақын алудың қажеті жоқ. Коммуникативтік дағдылары қалыптасқан баланың бұл табысын ересектермен бірлесе отырып жетілдіру қажет.

Бала тәрбиесінде кейде еркіндік қағидаларын ұстануды жөн көреміз. Мұндай жағдайларда балаларымыз көбінесе, еркіндіктің шегін білмей өседі, қыңыр, қырсық, кірпияз болады. Ата-ананың барлық назары балада болады, баланың тағдырына, денсаулығына қатты алаңдайды, кейде

тіпті баласын ерекше талант, дарын, керемет ақылды деп санайды, сол себепті баласына ерекше күтім мен бақылау қажет деп ойлайды. Біздің өмірімізде барлығымыз орындауға міндетті белгілі нормалар мен талаптар бар. Мұндай талаптар балаға да қойылады. Бірақ ол талаптар мен нормалар баланың қажеттілігіне сай әрі көп болмауы керек. Сонымен қатар баланы жазалаудан аулақ болған дұрыс. Ата-ана өзінің әрбір іс-әрекеті, қимылы, көзқарасы арқылы баласына айтарлықтай әсер ететінін естен шығармаған жөн.

ТРЕБОВАНИЯ К РОДИТЕЛЯМ

- Если вы привели ребенка после начала какого-либо режимного момента, пожалуйста, разденьте его и подождите вместе с ним в раздевалке до ближайшего перерыва.
- Педагоги готовы беседовать с Вами о Вашем ребенке утром до 8.30 и вечером после 17.00. В другое время педагог обязан работать с группой детей и отвлекать ее нельзя.
- К педагогам группы независимо от их возраста необходимо обращаться на Вы, по имени и отчеству.
- Спорные и конфликтные ситуации нужно разрешать в отсутствие детей.
- Если Вы не смогли решить какой-либо вопрос с педагогами группы, обратитесь к заведующей (вторник, четверг), методисту (среда, пятница).
- Помните, что в детском саду работает психологическая служба, куда Вы можете обратиться за консультацией и индивидуальной помощью по всем интересующим Вас вопросам относительно воспитания ребенка.
- Просим Вас проследить, чтобы в карманах ребенка не было острых, режущих и колющих предметов.
- Просим не давать ребенку в детский сад жевательную резинку.
- Если Вы считаете необходимым давать ребенку с собой какие-то лакомства, то, пожалуйста, ограничьтесь несколькими карамельками в фантиках.
- В группе детям не разрешается бить и обижать друг друга; брать без разрешения личные вещи, в том числе и принесенные из дома игрушки других детей; портить и ломать результаты труда других детей.

-Детям не разрешается «давать сдачи», так же, как и нападать друг на друга. Это требование продиктовано соображениями безопасности каждого ребенка.

Бала бақша ата-аналарына ескертпе.



Сіздің баланыз бала-бақшаға барып жаңа өмір бастады. Сіздің балаңыз өзін көңілді, көпшіл және үлкейгенін сезу үшін, Сізге бірнеше ұсыныс береміз.

- Отбасында тыныш және достық атмосфера жасаңыз.
- Балаға жүйелі түрде айқын талаптар қойыңыз.
- Шыдамды болыңыз.
- Баланы өзін-өзі күтуге және жеке тазалығын қалыптастырыңыз.
- Басқа балалармен ойынын құптап, баланың дүниетанымын кеңейтіңіз.
- Балаңыз Сізбен сөйлескенде, мұқият тыңданыз.
- Балаңыз бір әрекетке көшсе, «қатарынан әңгіме» бастаңыз.
- Баламен баяу және қысқа сөздермен сөйлесіңіз, әңгімеңізде көптеген заттарды айтыңыз.

Жеңіл және ұғындырып түсіндіріңіз.

- Балаңыздан: «Не істеп жатырсың?» - деп сұраңыз.

- Күнде балаңызға кітап оқып, балада жаңа әсер туындағанын ойлаңыз.
- Баламен бірге шығармашылық әрекетке көшіңіз: ойын жүргізіп, сурет салып, ермексазбен мүсіндеу үйретіңіз.
- Баланың әуестігін құптаңыз.
- Мақтауға сараң болмаңыз.

Ата – аналар үшін ереже

1. Таңертен балаңызды жуындырып,
Таза, ыңғайлы, әдемі, тартымды киіндіріп,
Балабақшаға ертіп келіңіз.
Егер де бала ұқыпты киінген болса,
Онда оған да, үлкендерге де сүйкімді болады.

2. Егер де сіздің балаңыздың денсаулығы нашарласа,
Жедел түрде дәрігерді шақырыңыз.
Мұндай жағдайда ұмытпай,
Біздерге ауырғаны жөнінде хабарлаңыз.

3. Үшінші ережені есте сақтауыңызды сұраймыз.
Құрметті аналар, әкелер және балалар!
Таңертен өтінеміз, ұзақ ұйықтамаңыз.
Таңертенгі жаттығудан кешігіп қалмаңыз.
Бізге балабақшаға тездетіп жетіңіз,
Бұл пайдалы екенін айтуға рұқсат етіңіз.

4. Кешкісін уақытыңызды бос өткізіп алмай,
Балаңызды уақытылы, кешікпей алып кетіңіз.
Егер де балаңыз сабырлы және көңілді болса,
Сіз балаңызбен бірге өте бақытты сезінесіз.

Аналар мен әкелер!

Татулыққа шақырамыз.
Бірігіп балаларды өсірейік, тәрбиелейік.
Егер де сізде,
бізге сұрағыңыз туындаса,
Біз сіздерді көруге қуаныштымыз!
Қошеметпен күтеміз!

Сіздің балаңызбен бірге:
Тәрбиешілер:

Ата-аналарға психологиялық кеңес

- 1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.*
- 2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.*
- 3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.*
- 4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.*
- 5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.*
- 6. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.*
- 7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.*
- 8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.*
- 9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.*
- 10. Баланың «бақытты кездер банкісі» туралы ойлаңдар.*
- 11. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.*
- 12. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.*

Ата – аналарға кеңес

- 1. Баланың берген сұрағына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.*
- 2. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.*
- 3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс - әрекетпен айналысып отырса.*
- 4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.*
- 5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.*
- 6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.*
- 7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.*
- 8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.*
- 9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.*
- 10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.*
- 11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.*
- 12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.*
- 13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.*
- 14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.*
- 15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқтауына жағдай жасаңыз.*
- 16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.*
- 17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.*
- 18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.*
- 19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.*

Бала тәрбиелеудің он ережесі.

1.Балаңды сүй! Яғни оның қасыңда барына қуан, ол өзі қандай болса, солай қабылда, оны қорлама, оны жәбірleme, оны өзіне деген сенімділігінен айырма, оны нақақтан жазалама, оны өзіңнің сеніміңнен мақұрым етпе, сені жақсы көруіне жағдай тудыр.

2.Балаңды қорға! Яғни оны жаны мен тәніне қауіпті нәрселерден сақта, тіпті-егер қажет болса жеке мүдделеріңді құрбан етіп, басыңды қатерге байлай отырып қорға.

3.Балаңа жақсы үлгі бол! Оның бойына дәстүрлі құндылықтарға деген құрмет сезімін дарыт, өзің де сол құндылықтарға сәйкес өмір сүр, балаға жауапкершілік сезіммен қара. Балаға үй іші тату, қарттарын құрметтеп, жақсы көретін, барлық туған-туысқандармен және дос-жарандармен етене жақын әрі шынайы байланыста болатын отбасы, ошақ қасы керек. Бала адалдық, кішіпейілділік, жарастық ұялаған отбасында өмір сүруге тиіс. Ата-ананың ерлі-зайыптылық адалдықты бұзуы, көре алмаушылық, арсыздық жолмен баю, балаға принципіз байланыстар арқылы қандай да болсын пайда келтіру және т.б.-осының бәрі елдің ертеңгі азаматының моральдық бейнесіне мейлінше ұнамсыз әсер ететін «үлгі» құрайды.

4.Балаңмен ойна! Яғни балаңа қажет уақыт ажырат, оған қалай сөйлеп, қалай ойнау ұнаса, солай сөйлеп, солай ойна, оның ойындарына шындап ден қой, оның ұғым-түсініктер әлеміне бейімдел.

5.Балаңмен бірге еңбектен! Балаң жұмысқа қатысқысы келгенде, оны демеп жібер (үйде, бақта, бақшада). Балаң өсіңкірегенде шаруашылыққа қажетті барлық жұмыстарға қатыстырып үйрет.

6.Баланың оңай болмаса да, өз бетімен өмірлік тәжірибе алуына

жол қой! Бала өз басынан өткерген тәжірибені ғана мойындайды. Сенің жеке тәжірибелігің балаң үшін көп жағдайда құнсыз болып шығады. Оған өзінің жеке тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік бер, тіпті бұл белгілі бір тәуекелмен байланысты болған күнде де солай істе. Шамадан тыс қорғаштаған, қауіптің қай-қайсысынан да «қамсыздандырылған» бала көп жағдайда әлеуметтік мүгедекке айналады.

7.Балаға адамдық бостандықтың мүмкіндіктері мен шектерін көрсет! Ата-анасы баланың алдымен әрқайсысының дарындары мен ерекшеліктеріне сәйкес адамның жеке басының дамуы мен тұлғалануының тамаша мүмкіндіктерін ашуға тиіс. Сонымен бірге оған кез-келген адам отбасында, ұжымда және жалпы қоғамда өзінің іс-әрекеттерінің белгілі бір шектерін мойындауы және сақтауы тиіс екенін көрсету қажет (заңды ұстану және өмір салты ережелерін сақтау).

8.Баланы тіл алғыш етіп үйрет!Ата-анасы баланың мінез-құлқын қадағалап отыруға және оның іс-қылықтарын, оның өзіне де, басқаларға да нұқсан келтірмейтіндей етіп бағыттап отыруға міндетті. Баланы белгіленген ережелерді сақтағаны үшін қолпақтап отырған жөн! Алайда қажет болған жағдайда жаза арқылы ережелерді құрметтетіп отыру керек.

9.Баладан пісіп–жетілу сатысына және өзіндік тәжірибесіне сәйкес шама-шарқы жететін пікірлер мен бағаларды ғана күт! Бала осынау соншама күрделі дүниеде бағдар жасап үйренгенше, оған ұзақ уақыт қажет. Оған қолыңнан келгенше көмектес, және де жинақтаған тәжірибесі мен өзінің пісіп-жетілу сатысына сәйкес өзіндік пікірін немесе қорытындысын айта алатын кезде ғана баладан оларды талап ет.

10.Балаға еске түсіруге болатын құндылыққа ие әсерлерді басынан кешіруге мүмкіндік бер! Бала да, үлкендер сияқты, әсерлермен «қоректенеді», олар балаға басқа адамдардың өмір-тіршілігімен және айналадағы дүниемен танысуға мүмкіндік береді.

Ата - аналарға арналған 10 кеңес

1. Балам өзім секілді, немесе өзім ойлағандай болады деп күтудің қажеті жоқ. Оған өзі секілді болуға көмектес.
2. Балаға жасаған еңбектерің үшін ақы сұраушы болма. Сіз оған өмір сыйладыңыз, ол басқаға өмір сыйлайды, ол тағы біреуге, бұл адамзат сапарының ұлы жолы осылай жалғаса береді.
3. Өзіңнің өкпе - ренішіңе баланы араластыра берме, әйтпесе қартайғанда ол қылығыңның ащы дәмін татуың мүмкін. Не ексең, соны оратыныңызды ұмытпаңыз!
4. Баланың мәселесіне бей - жай қарауға болмайды. Әркім өмірде әліне қарай күреседі. Сіз тапқан жолды бала таба алмауы мүмкін, өйткені онда тәжірибе жоқ.
5. Баланың көңілін ешқашан қалдырмаңыз!
6. Адам өміріндегі ең қызықты кездесу, баламен кездесу, оған үлкен дайындық керек, себебі сіз өзіңіздің ертеңгі күніңізбен кездесіп тұрғаныңызды ұмытпаңыз!
7. Балаңызға қолыңыздан келмей тұрған нәрсені істей алмадым - ау деп қиналмаңыз. Ал қолыңыздан келіп тұрғанда істемесеңіз, онда сіздің қиналуыңыз әбден орынды. Бастаған істі аяғына дейін жеткізбесеңіз, онда ештеңе істемеген болып шығасыз.
8. Бала өміріңді билейтін әмірші емес, тіршілік сыйлаған өмірдің қымбат қазынасы, сіз осы қазынаны көздің қарашығындай сақтауға, дамытуға және оның жүрегіне шығармашылықтың алауын жағуға міндеттісіз. Бала - әке мен ананың махаббатын сақтайтын алтын қойма.
9. Басқаның да баласын жақсы көріп үйрен. Өз балаңа істемейтін нәрсені басқаның баласына да істеме!
10. Балаң дарынсыз, жолы болмайтын болса да және есейіп кетсе де жақсы көруге міндеттісіз. Онымен қарым - қатынас жасағанда қуануға тиістісіз, өйткені оның сізбен болған әр күні мереке.

Ата-аналарға ұсыныс

Мектепке дейінгі бала даму және танып білу қабілеттерінің мүмкіншіліктеріне зор ие. Балада дүниені танимын және зерттеймін деген негіз салынған, сол мүмкіншіліктерді дамытуда көмек көрсетіңіз. Өткен уақытыңызды аямаңыз, кейін ол көптеп қайтарылады.

Мектеп табалдырығын аттағанда балаңыз өз күшіне сенімді болады, оқу ол үшін қиын болмай, қуаныш қана әкеледі, сізде оның үлгеріміне алаңдамайтын боласыз.

Сіздің жігеріңіз тиімді болу үшін, мына кеңестерді қолданыңыз:

1. Оқу барысында бала зерігіп кетпесін. Егер бала көңілді оқыса, ол жақсы оқитын болады. Қызығушылық – мотивациялардың ең жақсысы, ол балаларды шығармашылықты тұлғалар етіп шығарады және ақыл-ой сабақтарынан қанағат алады.

2. Жаттығуды қайталаңыз. Баланың ақыл-ой қабілетін дамыту уақыт пен тәжірибеде айқындалады. Егер де небір жаттығу келіспей жатса, үзіліс жасаңыз, кейін қайтып келсеңіз де, не басқа жеңілдеу тәсілге көшсеңіз болады.

3. Жеткіліксіз жетістіктерге жетпей жатса не алға ештеңе жылжымаса үрейленбеңіз.

4. Шыдамдылық танытыңыз, асықпаңыз, баланың ақыл-ойын бөліп тастамайтын, басқа жағынан назар аударатын жаттығуларды бермеңіз.

5. Сабақта балаға деген бір өлшем болу керек. Бала шаршап, айналшақтап, не көңілсіздеу болса жаттығу жасамай-ақ қойыңыз. Баланың шыдамдылығын байқап және сабақты дайындағанда әр кез сайын аздап қана уақыт мерзімін қосып отыру керек. Кей кезде өзіне ұнайтын істерімен айналысуға мүмкіндік беріңіз.

6. Мектепке дейінгі бала қайталай беретін, бір қалыпты, нақты уақытымен ғана берілетін сабақтарды қабылдамайды. Сондықтан ойын түрінде өткізген жөн.

7. Балада қатынас жасаудың машықтарын дамытыңыз, бірлесіп істеуді, ұйымшыл болуды, басқа балалармен достасып кетуіне, олармен жетістіктерді және қиыншылықтарды бөлісуге үйрету керек, бұның бәрі ертең мектепке барғанда әлеуметтік атмосферада керек болады.

8. Немқұрайлы баға бермеңіз, ылғи да сүйемелдеп отырыңыз, жиі балаңызды шыдамдылығы мен жетістігі үшін мақтап отырыңыз. Басқа балалармен оның әлсіздігін салыстырмаңыз, оның өзіне деген сенімділігін қалыптастырыңыз. Ал ең негізі, баламен оқыған сабақты ауыр еңбек түрінде қабылдамаңыз, керісінше қуанып, ләззат алыңыз, күліп-ойнап жүрсеңіз жақсы болады. Баламен тіптен дос болу мүмкіншілігі туғанын есіңізге сақтаңыз.

Сонымен, сіздерге жетістіктер, өзіңіздің, балаңыздың мүмкіншіліктеріне сенімділік тілейміз!

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі ата – аналарға арналған ережелер.

1. Балаларды балабақшаға таза әрі ұқыпты етіп әкелу.
2. Балалардың балабақшаға түрлі ұшы өткір әрі кесетін заттарды әкелмеуін қадағалау: сіріңке, темір, теңге, медикаменттер, инелер, түйреуіштер, шегелер т.б
3. Баланы балабақшаға әкелгенде, оны міндетті түрде тобына дейін жеткізіп, тәрбиешінің қолына тапсыру қажет.
4. Баланы балабақшадан жеке өзі әкету керек.
5. Егер баланы ата – анасы емес адам алатын болса, ата – анасы және сенімді адам қол қойған сенімхатты рәсімдеу қажет.
6. Балаларды балабақшадан әкетуге кәмлетке толмағандар мен мас жағдайдағы адамдарды жіберуге болмайды.
7. Баланың денсаулығына немесе дене дамуы жағдайына байланысты әлдебір ерекшеліктер байқалса, бұл жөнінде балабақшаның әкімшілігі мен тәрбиешіге хабар беру керек.
8. Егер бала ауырып, уақытша балабақшаға бара алмайтын болса, бұл туралы тәрбиеші мен медбикеге алдын – ала хабар беру керек.
9. Балаларды жол қозғалысы ережелеріне үйрету қажет.
10. Сіріңке, медикамент, жуу және дезинфекциялаушы құралдарды, кесу және оюшы заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау.
11. Жалпақ табанды профилактикалау үшін балабақшада әрбір баланың ыңғайлы ауысымдық аяқ киімі болуы тиіс, жабық былғары сандал немесе жеңіл былғары туфля.
12. Ата – аналармен баланы балабақшаға қабылдау кезінде түзілген шарттағы барлық талаптарды қатаң сақтау қажет.

